

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АГАРТУ МИНИСТРЛІГІ  
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ ОРТАЛЫҒЫ



ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ТУРАЛЫ  
ЕРЕЖЕ

Астана  
2023 г.

Ұлттық ғылыми-практикалық дene тәрбиесі орталығының (бұдан әрі – Орталық) ғылыми кеңесі Орталық қызметтінің маңызды мәселелерін қарau үшін Орталықтың бас директоры бекіткен Жарғыға сәйкес құрылады.

## **I. Жалпы ережелер**

Орталықтың ғылыми кеңесі өз қызметінде Қазақстан Республикасының заңнамасын, Орталықтың Жарғысын және ғылыми хатшының қызметтіне қатысты басқа да құжаттарды басшылыққа алады. Сондай-ақ барлық қызметкерлердің орындауы үшін міндettі болып табылады.

Ғылыми кеңес бекітілген жоспарға сәйкес жұмыс істейді. Орталықтың ғылыми кеңесінің өз құзыретіне жататын мәселелер бойынша шешімдері Орталықтың құрылымдық бөлімшелерінің, сондай-ақ барлық қызметкерлердің орындауы үшін міндettі болып табылады.

## **2. Ғылыми кеңестің қалыптастыру және жұмыс істеу тәртібі**

2.1. Ғылыми кеңестің құрамына оның төрағасы болып табылатын Орталықтың Бас директоры, төрағаның орынбасары, Орталықтың құрылымдық бөлімшелерінің басшылары, сондай-ақ дene шынықтыру саласындағы білім және ғылым саласындағы ғалымдар кіреді.

Ғылыми кеңестің құрамын Орталықтың Бас директоры бекітеді.

Ғылыми кеңес мүшелерінің арасынан ашық дауыс беру арқылы хатшы сайланады.

Ғылыми кеңестің жұмысын үйімдастыруды оның ғалым хатшысы жүзеге асырады.

Жұмыстан шыққандардың орнына ғылыми кеңестің жаңа мүшелерін енгізу туралы шешімді, лауазымға кіретін мүшелерден басқа, орталық қызметкерлерінің жалпы жиналысы қарапайым көпшілік дауыспен жасырын дауыс беру арқылы қабылдайды.

2.2. Ғылыми кеңестің жұмысы осы кеңестің отырысында қабылданған және Орталық басшысы бекіткен жылдық жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

2.3. Ғылыми кеңестің отырысы кемінде екі айда бір рет өткізіледі.

2.4. Ғылыми кеңестің төрағасы жылына бір рет Орталықтың ғылыми кеңесіне ғылыми кеңес қызметтінің нәтижелері туралы есеп береді.

2.5. Орталықтың ғылыми кеңесі, егер оның отырысына оның мүшелерінің кемінде үштен екі бөлігі қатысса, шешім қабылдауға құқылы. Ғылыми кеңестің шешімі қатысып отырған кеңес мүшелерінің көпшілік даусымен ашық дауыс беру арқылы қабылданады.

Ғылыми кенес мүшелерінің шешімі бойынша жекелеген мәселелер бойынша шешімдер жасырын дауыс беру жолымен қабылдануы мүмкін.

2.6. Ғылыми кеңестің отырысы хаттамамен ресімделеді. Отрыс хаттамалары мен Ғылыми кеңестің шешімдеріне Ғылыми кеңестің төрағасы мен хатшысы кол қояды.

### **3. Орталықтың Ғылыми кеңесі қызметінің негізгі бағыттары:**

- Орталықтың жұмыс жоспарын қарастырады;
- Орталықтың ұйымдық құрылымын құру және өзгерту, құрылымдық бөлімшелерді құру, кайта ұйымдастыру және тарату мәселелерін қарайды;
- дene шынықтыру және спорт саласындағы ғылыми қолданбалы және іргелі жобалардың орындалуы туралы есептерді қарайды;
- ғылыми жобаларды орындаушыларды штаттық орналастыру бойынша бөлуді белгілейді;
- қызметтің жекелеген бағыттары бойынша орталық бөлімшелері басшыларының баяндамаларын тыңдайды және тиісті ұсынымдарды қабылдайды;
- Орталықтың ғылыми-зерттеу және ақпараттық-талдау қызметінің мәселелерін, сондай-ақ халықаралық ынтымақтастықты дамыту мәселелерін шешеді;
- Орталықтың ғылыми-зерттеу жұмыстарының жылдық жоспарларын қарайды;
- дene шынықтыру және спорт саласындағы ғылыми, оқу және өзге де әдебиеттерді жариялауға ұсынымдар туралы шешім қабылдайды;
- орта білім беру ұйымдарында дene шынықтыру бойынша оку-әдістемелік ұсынымдарды басылымға ұсынады;
- редакциялық-баспа қызметінің мәселелерін қарайды;
- Орталықтың негізгі қызметіне қатысты басқа да мәселелерді шешеді;
- орта білім беру ұйымдарында пайдалану үшін «Дене шынықтыру» пәні бойынша оку-әдістемелік ұсынымдарды басылымға ұсынады;
- редакциялық-баспа қызметінің мәселелерін қарайды;
- Орталықтың негізгі қызметіне қатысты басқа да мәселелерді шешеді.

### **4. Ғылыми кеңестің құқықтары**

Ғылыми кеңестің құқықтары:

- 1) білім беру ұйымдарында «Дене шынықтыру» пәні бойынша оку процесін, оку-әдістемелік жұмысты жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізу;
- 2) білім беру ұйымдарының Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің, Ғылым және жоғары білім министрлігінің

нормативтік құжаттарын, Ғылыми кеңестің құзыреті шегінде дene шынықтыру педагогтерінің және басқалардың сабак және сабактан тыс жұмысы жөніндегі министрлердің бұйрықтарын орындаудың бакылау;

3) өз құзыретіне кіретін мәселелер бойынша отырыстар (кеңестер) еткізуге міндетті;

4) Орталықтың барлық құрылымдық бөлімшелерінен өз міндеттерін іске асыру үшін кажетті акпаратты сұратуға және алуға;

5) білім басқармаларының өнірлік дene шынықтыру орталықтарының қызметі туралы акпаратты тындау.

## **5. Өзара әрекеттесу**

Өз қызметін жүзеге асыру барысында Ғылыми кеңес білім басқармаларының өнірлік дene шынықтыру орталықтарымен өзара іс-кимыл жасайды.

## **6. Жауапкершілік**

Ғылыми кеңес Орталық Жарғысын сақтамағаны, Қазақстан Республикасы заңнамалық актілерінің белгіленген талаптарын, сондай-ақ осы Ережені уақтылы және тиісінше орындағаны және бұзғаны үшін жауапты болады.

## **7. Өзгерістер**

8.1. Осы Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу үшін заңды күші бар нормативтік құқықтық актілерге жаңадан енгізілген өзгерістер мен толықтырулар негіз болып табылады.

8.2. Орталықтың атауы өзгерген кезде осы Ереже белгіленген тәртіппен ауыстырылуға және бекітілуге тиіс.

## **8. Оқу-әдістемелік кеңестің өкілеттіктері**

9.1. Орталықтың оқу-әдістемелік кеңесінің өкілеттік мерзімі - 5 жыл. 5 жыл өткеннен кейін орталық қызметкерлерінің жалпы жиналысында жасырын дауыс беру арқылы Оқу-әдістемелік кеңестің жаңа құрамын сайлау жүргізіледі.

9.2. Тұпнұсканы сақтауға, есепке алынған жұмыс даналарын таратуға Ғылыми кеңестің хатшысы жауапты болады.